АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

01.03.2024 № 2301-24-5-21/3310

«Қызылқоға ауданы әкімінің аппараты»
мемлекеттік мекемесіне
/ЭҚАБЖ/

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап қоюшы «Қызылқоға ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «РАКЕ» - Айдана Нұрғайынқызы Амандықты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық ісі бойынша 2024 жылғы 22 қаңтарда шыққан шешім көшірмесін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі 1 - дана.

Судья **А.Султангалиева**

Орынд.: Исембаева Р. М.
тел.: 8-7122-20-18-18, 712-2465@sud.kz

Құжатты жасаған: ИСЕМБАЕВА Р. М., 8-7122-20-18-18, 712-2465@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: СУЛТАНГАЛИЕВА А. Е., 01.03.2024 12:19

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 22 қаңтар №2301-23-00-2/3122 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылқоға ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «РАКЕ» - Айдана Нұрғайынқызы Амандық,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор М.Қыстаубаева,
талап қоюшы өкілі Қ.А.Қазыбеков,
жауапкер өкілі А.Н.Амандық,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 03 қарашада тараптар құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №143 келісім-шартқа (бұдан әрі – шарт) қол қойған. Шарттың орындалу мерзімі – келісім шарт қазынашылық бөліміне тіркелген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни жауапкер 2023 жылғы 02 желтоқсанға дейінгі мерзімге дейін «компьютерге, перифериялық кеңсе жабдықтарына, олардың бөліктеріне жөндеу/жаңарту жұмысын жүргізу» қызметін көрсетуге міндеттенген.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер жұмыстарды жүргізбеген.

Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (бұдан әрі – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, жағымсыз салдар бар екенін екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сотқа берген түсініктемесінде жұмыстар ішінара орындалғанын, атап айтқанда ноутбукты жөндеп тапсырыс берушіге тапсырғанын, ал моноблок жөнделмегенін, өйткені мамандар моноблоктың «аналық платасы» істен шықпағанын, басқа бұзушылық бар екенін айтқанын көрсетіп, соттан заң талабына сай шешім қабылдауды сұрады.

Прокурор талаптың қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273 баптарының талабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды. Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындамаған. Жауапкер «моноблок жөнделмеді, өйткені мамандардың айтуынша істен шыққан моноблоктың «аналық платасы» емес, басқа басқа бөлшегі деп айтты» деген уәждер келтірді, алайда жауапкер өзінің уәжін растайтын дәлелдемені сотқа ұсынбады.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 12 желотқсанда жүгінген.

Құжаттың қолтаңбасының түпнұсқалығын www.e-qazaqstan.kz сайтында тексеруге болады. Электрондық құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚР 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасымалдағыштағы құжатқа тең.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылқоға ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «РАКЕ» - Айдана Нұрғайынқызы Амандықты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы –қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РАКЕ» - Айдана Нұрғайынқызы Амандық мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке «РАКЕ» - Айдана Нұрғайынқызы Амандықтан 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «29» ақпан 2024 жылы заңды күшіне енді.

Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А.Е., 28.01.2024

301-23-3-1/3655